

## Халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштерін айқындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 қыркүйек N 1150. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.08. N 537 қаулысымен. ~P000537

Жүзеге асырылып жатқан экономикалық өзгерістердің әлеуметтік бағыттылығын күшейту, халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштерін талдау жұмыстарында пайдалану үшін оларды айқындауды тәжірибеге енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау туралы министрлігі: <\*>

1999 жылдың 1 қаңтарына дейін халықтың әртүрлі жыныстағы мен жастағы топтары үшін күн көріс минимумдарының, сондай-ақ кедейлік шегінің құрылымы мен құрамын қалыптастырудың әдістік жолдарын әзірлесін; <\*>

1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықтың әртүрлі жыныстағы мен жастағы топтары үшін кедейлік шегі мен күн көріс минимумдарының мөлшерін, әлеуметтік саясатты қалыптастыру кезінде оларды пайдалану мақсатында беріп отырсын; <\*> <\*>

жергілікті атқарушы органдарға кедейлік шегі мен күн көріс минимумдарының көрсеткіштерін қолдануда ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсетсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.18. N 1175 қаулысымен.

P981175\_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.05.10. N 554 қаулысымен.

P990554\_

2. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 1998 жылдың 1 желтоқсанына дейін тұтастай республика бойынша адамдардың түрлі жыныстағы және жастағы топтары үшін негізгі негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларын ұсынсын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.18. N 1175 қаулысымен.

P981175\_

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап: <\*>

жалпы алғанда республика бойынша және аумақтар бойынша халықтың әртүрлі жынысы және жасына топтары үшін күн көріс минимумының орта есеппен бір адамға шаққандағы көлемінің өзгеруі бойынша ай сайын есеп жүргізіп, оны Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне ұсынатын болсын; <\*>

жыл сайын бұл есептерді Статистикалық жұмыстар регламентіне енгізетін болсын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.18. N 1175 қаулысымен.

P981175\_

4. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері әлеуметтік саясат бағытын айқындау үшін кедейлік шегі деңгейі мен ең төменгі күнкөріс деңгейін пайдалансын.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.11.18. N 1175 қаулысымен.

P981175\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі